

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҚИМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ОСАКАРОВ
АУДАНЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ 2021 ж. « 14 » 01 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 050240008180 № _____
Бастапқы тіркелген күні 2021 ж. 10 » 02

«Қарағанды облысының
экономика басқармасы» ММ
басшысының
2021 жылғы
«09» 01 № 4
бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім
бөлімінің «Айгөлек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорыны
ЖАРҒЫСЫ

1 тарау. Жалпы ережелер

1.1. Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің «Айгөлек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі - кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

1.2. Кәсіпорын облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен құрылады.

1.3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қарағанды облысының әкімдігі болып табылады.

1.4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

1.5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

1.6. Кәсіпорынның Атауы: мемлекеттік (қазақ) тілде: Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің «Айгөлек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное казённое предприятие «Ясли -сад «Айголек» отдела образования Осакаровского района управления образования Карагандинской области.

1.7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 101012, Қарағанды облысы Осакаров ауданы Молодежный кенті Аспандияров көшесі, ғимарат 34А.

2 тарау. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

2.1. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы жазылған бланкілері, мөрі бар.

2.2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

2.3. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

2.4. Кәсіпорын жасасатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзге жағдай қарастырылмаса, тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

3 тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

3.1. Кәсіпорын қызметінің мәні бір жылдан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін үздіксіз мектепке дейінгі білім беретін білім беру мекемесінің оңтайлы моделін әзірлеу және енгізу болып табылады, оның мақсаты әр оқушының ерекше тұлға ретінде, оқу субъектісі ретінде дамуына ықпал ету болып табылады.

3.2. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорынның негізгі міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына тарту;

2) мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ету, олардың мүдделерін қанағаттандыру, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу негізінде қабілеттерін дамыту;

3) мектеп жасына дейінгі балалардың бастамашылығын, білімқұмарлығын, озбырлығын және шығармашылық өз ойын білдіру қабілетін дамыту;

4) балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруі үшін жағдай жасау;

5) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

6) азаматтыққа, қазақстандық патриотизмге, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

7) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін түзету жұмыстары бойынша жағдайлар жасау;

8) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;

9) мектепке дейінгі жастағы балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру.

3.3. Өз мақсаттарына жету үшін кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады: мектепке дейінгі тәрбие және оқыту. Қызметтің барлық түрлері «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202 Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рәсімдер орындалғаннан кейін көрсетіледі»;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері:

1) бір жастан алты жасқа дейінгі балаларға арналған бөбекжай - балабақша тәрбиеленушілерінің жас құрамы бойынша;

2) мақсаты бойынша-құрамдастырылған тип (жалпы дамыту және түзету сипатындағы функцияларды қоса атқаратын);

3) жұмыс тәртібі бойынша-күндізгі, бес күндік жұмыс аптасы, жұмыс кестесі бойынша 7-30-дан 18-00-ге дейін тәрбиеленушілер тамақтандырылады;

кәсіпорынның негізгі құрылымдық бірлігі мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілер тобы болып табылады. Топтар бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақталады. 9 және (немесе) 10,5 сағат режимінде жұмыс істейтін мектепке дейінгі білім беру ұйымында қажет болған жағдайда жұмыс кестесі сағат 7-30-дан 18-00-ге дейін болатын кезекші топ құрылуы мүмкін. Осы топтағы жұмыс үшін ақы төлеу ҚР еңбек заңнамасына сәйкес жүргізіледі;

тәрбие мен оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі;

балаларды тұрақты немесе уақытша болуға қабылдау оларда бос орындар болған жағдайда жыл бойы жүргізіледі;

баланың орны келесі жағдайларда сақталады:

1) баланың аурулары;

2) баланы медициналық, санаторий-курорттық және өзге де ұйымдарда емдеу және сауықтыру;

3) ата-анасының біреуіне немесе заңды өкілдеріне еңбек демалысын беру;

4) баланы жазғы кезеңде екі айға дейінгі мерзімге сауықтыру;

мектепке дейінгі ұйымнан балаларды шығаруды директор келесі жағдайларда жүргізеді:

1) баланы күтіп-бағу үшін ай сайынғы төлемді уақытылы төлемеген (шарт бойынша белгіленген төлем мерзімінен күнтізбелік 15 күннен артық кешіктірген);

2) бала дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт өткізіп алған жағдайларда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде;

баланы күтіп-бағу үшін ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемнің мөлшері жасына қарамастан тамақтану шығындарының 100 пайызын құрайды және оны кәсіпорынның құрылтайшысы белгілейді;

тәрбие-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады;

мектепке дейінгі білім беру ұйымы тиімді тәрбие – білім беру процесін қамтамасыз ету үшін (баланың жеке басының шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты сақталған жағдайда педагогтерге балама авторлық бағдарламаларды таңдауға, қолдануға, тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізуге құқық береді;

күн тәртібі мыналарды қамтиды:

күннің бірінші жартысында:

1) әр баламен өткен сабақтардың алынған материалын диагностикалау бойынша жеке жұмыс;

2) алдағы жұмысты ынталандыру;

3) әртүрлі ойын түрлерін, өнімді қызмет түрлерін кіші топтарға оқыту;

4) оқу сабақтары;

5) серуендеу қызметі;

күннің екінші жартысында мектеп жасына дейінгі балаларды келесі бөлімдер бойынша оқыту жалғасуда: қызығушылықтар бойынша ұжымдық іс-шаралар, ойын-сауық, серуендеу және балалардың үйге біртіндеп кетуі;

тәрбие жұмысын педагог қызметкерлер келесі шарттарды ескере отырып жүзеге асырады:

1) бала мен ересектердің өз қызметінің табысты нәтижесін болжауы;

2) қызмет түрлерін таңдау еркіндігі;

3) бала өмірінің эмоциялық қанықтылығы;

4) жұмыстың ойын және ойын емес тәсілдерін үйлестіру;

5) Өзін-өзі тану мен мінез-құлық стратегиясын қалыптастырудағы сөйлеудің, тілдің маңызы;

тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді (штат кестесіне сәйкес) медициналық персонал жүзеге асырады, ол мектепке дейінгі білім беру ұйымының әкімшілігімен қатар балалардың денсаулығы мен дене бітімінің дамуына, емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізуге, санитариялық-гигиеналық нормаларды, күн тәртібін сақтауға, тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына, дене және ақыл-ой жүктемесінің мөлшеріне жауапты болады;

діни және құдайсыз тәрбиенің кез келген түріне жол берілмейді;

мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес мектепте оқуға дайындық деңгейін анықтау үшін балалардың білімін бақылау жүргізіледі;

кәсіпорын мен ата-аналар немесе оларды алмастыратын адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы білім беру ұйымына қабылдау кезінде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың білім беру ұйымына келу режимі, тамақтану жиілігі, білім беру, сауықтыру қызметтерін ұсыну деңгейі мен мерзімдері, білім беру ұйымында баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады;

кәсіпорын балалардың теңгерімді тамақтануын қамтамасыз етеді. Балаларды тамақтандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс режимін ескере отырып жүргізіледі, оның еселігі санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен және Жарғымен айқындалады;

кәсіпорын білім беру ұйымының директоры белгілеген тәртіппен білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтерден түскен қаражат мамандарға жалақы есептеуге, құрал-саймандар сатып алуға, тиісті дамыту ортасын құруға бағытталуы, білім беру ұйымының қызметкерлеріне сыйлықақы беруге бөлінуі мүмкін;

отбасы мен баланы әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында балалары мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ата-аналар үшін консультациялық пункттер құрылады;

білім беру ұйымын басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидағтарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, қамқоршылық кеңестер болып табылады;

оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету кезінде әрбір балаға кепілдік беріледі:

- 1) оның өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) оның қадір-қасиетін қорғау;
- 3) күш көрсету, моральдық немесе психикалық зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан қорғау;
- 4) оның шығармашылық қабілеттері мен мүдделерін дамыту;
- 5) сапалы мектепалды даярлық;
- 6) дамуында орын алған кемшіліктерді түзетуде білікті көмек алу;
- 7) оның бейімділігіне, қабілеттеріне, қалауы мен денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алуға құқығы бар.

Ата-аналар немесе олардың орнына алмастыратын тұлғалардың құқығы бар:

1) тәрбиеленушілердің тәрбие - білім беру бағдарламаларын игеруі және тәрбие - білім беру процесін ұйымдастыру шарттары туралы объективті ақпарат алуға міндетті;

2) тәрбие және білім беру проблемалары бойынша білікті кеңес алуға құқылы;

3) балалардың бос уақытын ұйымдастыруға және бос уақытында олардың мінез-құлқын бақылауға міндетті;

4) тәрбиеленушілерге осы Жарғыда айқындалатын сапалы қарап-тексеруді, оларды күтіп-бағуды, тәрбиелеу мен дамытуды талап етуге міндетті;

5) қамқоршылық кеңес арқылы білім беру ұйымын басқару органдарының жұмысына қатысуға құқылы;

6) балалармен жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу;

7) жанжалды жағдайларды шешу үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымының әкімшілігіне жүгінуге құқығы бар;

ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғаларға міндетті:

1) білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен және басшылығымен байланыс жасау;

2) балаларды табысты тәрбиелеу үшін үйде жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дене күштерінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге міндетті;

3) білім беру ұйымының жұмыс режимін сақтауға міндетті;

4) баланы күтіп-бағу үшін төлемді уақтылы енгізуге міндетті;

5) білім беру ұйымының тәрбиеленушісі келтірген материалдық залалды өтеуге міндетті;

6) білім беру ұйымы қызметкерлерінің, тәрбиеленушілердің, басқа да ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ар-намысын, қадір-қасиетін және құқықтарын құрметтеуге;

7) қамқоршылық кеңестің шешімдерін орындауға міндетті;

8) баланың білім беру ұйымдарына баруын қамтамасыз етуге міндетті;

3.4. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

3.5. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі құрылтайшының, «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4 тарау. Кәсіпорынды басқару

4.1. Қарағанды облысының әкімдігі кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ кәсіпорынның құрылтайшысы үшін көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4.2. «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі кәсіпорынның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, сондай-ақ кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығының субъектісі үшін көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4.3. Қарағанды облысының білім басқармасы «Осакаров ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

1) кәсіпорын басшысын тағайындайды;

2) кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

3) кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы бойынша есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

4) кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

5) осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Кәсіпорынның тікелей басшысы - директор.

4.5. Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау

қағидаларына сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы кәсіпорын директорымен еңбек қатынастарын ресімдейді.

4.6. Егер заңдарда және кәсіпорын жарғысында өзгеше көзделмесе, кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін заңдарда және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

4.7. Директор:

1) кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүддесін білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларға жаза қолданады;

8) Қарағанды облысы білім басқармасының «Осакаров ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысына келісу (қызметке тағайындау және қызметтен босату) үшін өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерінің кандидатураларын (штат кестесінде көзделген жағдайда) ұсынады);

9) өз орынбасарларының және кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына, таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аударылмауына дербес жауапты болады;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша жұмысты ұйымдастырады, оның ішінде білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы және алдын алу бойынша шаралар қабылдайды;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4.8. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5 тарау. Кәсіпорынның мүлкі

5.1. Кәсіпорынның мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

5.2. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және болуы мүмкін емес, таратылған салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында.

5.3. Кәсіпорынның мүлкі мыналардан құралады:

- 1) оған меншік иесі берген мүлікті;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

5.4. Кәсіпорынның қарамағында оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік қана бола алады.

5.5. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, оралымды басқару құқығына ие болу және оны тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

5.6. Оралымды басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның оралымды басқаруына түседі.

5.7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе құрылтайшының шешімінде өзгеше белгіленбесе, меншік иесі оны Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылдаған мүлікке оралымды басқару құқығы Кәсіпорында мүлікті өз балансына бекітіп берген кезде туындайды.

5.8. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

5.9. Кәсіпорынның мүлкін жедел басқару құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 249-бабында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

5.10. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын өзіне бекітілген, негізгі құралдарға жататын мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жазбаша келісімімен ғана құқылы.

5.11. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығымен бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6 тарау. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

6.1. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

6.2. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы білім беру қызметтерін көрсетеді.

6.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қойылуға жатады.

7 тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

7.1. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін меншік иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптастырылады.

8 тарау. Кәсіпорынның есебі және есептілігі

8.1. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және есеп саясатына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне мыналар кіреді: бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығындар туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

9 тарау. Кәсіпорын жауапкершілігі

9.1. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

9.2. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауаптылықта болады.

10 тарау. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу

10.1. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйым қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленеді.

11 тарау. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

11.1. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

11.2. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12 тарау. Кәсіпорынды қайта құру және тарату

12.1. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

12.2. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған кәсіпорынның мүлкін «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі қайта бөледі.

12.3. Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

13 тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

13.1. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар «Қарағанды облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен енгізіледі және аумақтық тіркеу органдарында мемлекеттік тіркелуге жатады.

Директор

К.К.Смагулова